

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банктік және микроқаржылық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 22 тамыздағы № 41 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 27 тамызда № 36690 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 85 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.04.2026 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерінде, капиталының мөлшерінде:

90, 92, 97, 98 және 99-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"90. Банк:

кредиттік картаның кредиттік лимиті немесе талаптарында кредиттік лимит шеңберінде қарыз алушыға кредит беру көзделген төлем картасы шеңберінде қарыз беруді қоспағанда, қарыз алушыға қарыз беру, оның ішінде ашық кредиттік желі шеңберінде қарыз (қарыздың бөлігін) беру;

қарыз алушыға кредиттік желі ашу (кредиттік лимитті белгілеу);

қарыз алушыға жасалған банктік қарыз шарты (шарттары) шеңберінде қосымша қарыз беру;

қарызды өтеу кестесіне сәйкес осы қарыз бойынша мерзімді төлемдер мөлшерінің ұлғаюына алып келетін қарыз алушының ашық кредиттік желісінің және (немесе) қарызы талаптарын өзгерту туралы шешімдер қабылданғанға дейін қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентін есептеуді жүзеге асырады .

Банктің қарыз алушыға қарыз алу уақытын өзі анықтауға мүмкіндік беретін талаптармен, бірақ кредиттеудің осындай нысанына арналған банктің ішкі кредиттік саясаты туралы қағидаларында және шартта айқындалған сомасы және уақыт шегінде қарыз алушыны кредиттеу міндеттемесі кредиттік желі деп түсініледі.

Кредиттік желінің шекті сомасы кредиттік лимит (оның ішінде кредит/төлем карталары бойынша) деп түсініледі.

Банктің банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметтерін пайдалануға ниеттенетін немесе пайдаланатын Қазақстан Республикасының резидент – жеке тұлғасы қарыз алушы деп түсініледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары қарыз алушыларға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға, сондай-ақ кейіннен мұндай құжаттарды және мәліметтерді талдау нәтижелерін банктің бағдарламалық қамтылымында және (немесе) қарыз алушының кредиттік досьесінде сақтай отырып, қарыз алушының кәсіпкерлік қызметін растайтын құжаттарды және (немесе) өзге де мәліметтерді ұсыну жағдайларын қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты мақсаттарға дара кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғаларға берілген қарыздарға қолданылады.

Қарыз алушының борыш жүктемесі коэффициентінің ең жоғары деңгейін сақтау жөніндегі талап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасын іске асыру мақсатында жасалатын банктік қарыз шарттарына қолданылмайды.

Қарыз алушының борыш жүктемесі коэффициентінің ең жоғары деңгейін сақтау жөніндегі талап қарыз 2025 жылғы 1 қаңтардан 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін қоса алған кезеңде:

пайдалануда болмаған және Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет тіркелетін және қарыз бойынша кепілді қамтамасыз ету болып табылатын жаңа автокөлік құралын сатып алу мақсаттары үшін;

бастапқы жарнасы осы автокөлік құралы құнының кемінде 50 (елу) пайызын құрайтын пайдалануда болған және қарыз бойынша кепілді қамтамасыз ету болып табылатын автокөлік құралын сатып алу мақсаттары үшін;

бастапқы жарнасы осы автокөлік құралының құнынан кемінде 30 (отыз) пайыз болатын 3 (үш) жылға дейін пайдалануда болған және қарыз бойынша кепілді қамтамасыз ету болып табылатын автокөлік құралын сатып алу мақсаттары үшін;

тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі шеңберінде берілген кезде қолданылмайды.

Банк кредиттік тәуекелдерді мониторингтеу мақсатында осы тармақтың алтыншы бөлігінде көрсетілген қарыздар бойынша қарыз алушының борыш жүктемесінің коэффициентін есептеуді жүзеге асырады.";

"92. Қарыз алушының төлем қабілеттілігін бағалау төмендегідей жүзеге асырылады:

$$ҚК \geq \text{ЕТКДШ} + 0,5 * \text{ЕТКДШ} * C_{\text{КТOM}},$$

мұндағы:

ҚК – қарыз алушының кірісі;

ЕТКДШ – "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Бюджет туралы заң) тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы;

Сктом – кәмелетке толмаған отбасы мүшелерінің саны.

Қарыз алушының кірісі мына өлшемшарттардың бірі және (немесе) бірнешеуінің негізінде айқындалады:

1) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 6 (алты) ай ішіндегі ресми кірісі. Ресми кіріс деп мынадай құжаттардың бірі және (немесе) бірнешеуінің:

жұмыс берушіден жалақы және басқа да кірістер түсетін банктік шоттан үзінді-көшірме, немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының дерекқорынан міндетті зейнетақы жарналары, салымшының (алушының) міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша алынған ақпарат немесе міндетті зейнетақы жарналарының және жеке табыс салығының төленген сомаларын шегергенде, жеке тұлғалардың кірістері туралы ақпарат бөлігінде орталық атқарушы органдардың және оларға тиесілі не ведомстволық бағынысты заңды тұлғалардың дерекқорынан алынған ақпарат;

зейнетақы төлемдері түсетін банктік шоттан үзінді-көшірме;

"Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған зейнетақы аннуитеті шарты бойынша, аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдері түсетін банк шоттан үзінді-көшірме;

мынадай:

патенттің негізінде арнайы салық режимін қолданған кезде салық салынатын кірістің 5 (бес) пайызы;

жеңілдетілген декларация негізінде арнайы салық режимін қолданған кезде салық салынатын кірістің 15 (он бес) пайызы;

тіркелген шегерімді пайдалана отырып арнайы салық режимінің салық салынатын кірісінің 20 (жиырма) пайызы негізінде салықтық аударымдардың негізінде жеке тұлға-дара кәсіпкердің кірісі туралы ақпарат негізінде есептелген орташа айлық кіріс түсініледі;

2) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 6 (алты) ай кезең ішінде дебеттік карта бойынша шығыстардың орташа айлық сомасы;

3) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 6 (алты) ай кезең ішінде дебеттік картаны толтырудың орташа айлық сомасы;

4) қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы 6 (алты) ай ішіндегі депозиттегі және (немесе) ағымдағы шоттағы қалдықтардың орташа айлық сомасының берілетін кредиттің айларда көрсетілген мерзіміне қатынасы;

5) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 6 (алты) ай ішінде депозиттерді және (немесе) ағымдағы шоттарды толықтырудың орташа айлық сомасы;

6) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 6 (алты) ай ішінде депозиттерден және (немесе) ағымдағы шоттардан алынған қаражаттың орташа айлық сомасы;

7) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 6 (алты) ай ішінде жолаушыларды және такси жүгін тасымалдаудан түсетін орташа айлық кірісі (мұндай кірістерді делдалдың компаниясы арқылы растаған кезде);

8) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 6 (алты) ай ішінде жұмыс орнынан түскен кіріс туралы анықтаманың және (немесе) оқу орнынан алынатын шәкіртақының мөлшері туралы анықтаманың негізінде есептелген орташа айлық кірісі.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты қарыз алушы тиісті құжаттарды ұсына отырып растайды және (немесе) банктің ақпараттық жүйесінде тексереді және (немесе) банк қарыз алушының жазбаша нысанда не қарыз алушының идентификаттау құралы арқылы берілген келісімі негізінде сұратады.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өлшемшарттар негізінде қарыз алушының кірісін айқындау және борыш жүктемесінің коэффициентін есептеу кезінде қарыз алушының өз шоттары арасында жасаған және банктік қарыздарды және (немесе) микрокредиттерді алуға байланысты операциялары есепке алынбайды.

Атаулы әлеуметтік көмекті алушыға және (немесе) ойын бизнесіне белсенді тартылған адамның белгісі бар қарыз алушыға қатысты оның кірісін бағалау осы тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген ресми кірісі негізінде айқындалады.

Нормативтердің мақсаттары үшін ойын бизнесіне белсенді тартылған адамның белгісі бар қарыз алушы деп соңғы аяқталған 6 (алты) ай ішінде ойын бизнесін ұйымдастырушының пайдасына 300 000 (үш жүз мың) теңгеден астам жалпы сомаға 6 (алты) және одан көп төлемдер жасаған жеке тұлға түсініледі

Қарыз алушының ойын бизнесін ұйымдастырушының пайдасына жүргізген төлемдердің күні мен сомасы туралы ақпаратты банк кредиттік бюродан алынған қарыз алушының кредиттік есебінің негізінде айқындайды.

Жиырма бір жасқа толмаған қарыз алушыға қатысты кірісті бағалау осы тармақтың екінші бөлігінің 1), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген кірістер негізінде айқындалады.";

"97. Қарыз алушының ай сайынғы орташа кірісі Нормативтердің 92-тармағының екінші бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген бір немесе бірнеше өлшемшарттар негізінде айқындалған қарыз алушы жүгінген күннің алдындағы қатарынан 6 (алты) айдағы кірісі мөлшерінің алтыға қатынасы ретінде есептеледі.

Қарыз алушының ай сайынғы орташа кірісі есебіне банк қабылдайтын кірістердің түрлері қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы қатарынан 6 (алты) ай ішінде кемінде кез келген екі айда алынуға тиіс.

Банктер Нормативтердің 92-тармағының екінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген қарыз алушының ресми кірісінің негізінде атаулы әлеуметтік көмек алушының және (немесе) ойын бизнесіне белсенді тартылған тұлғаның белгілері бар қарыз алушының, және (немесе) кредиттік тарихында соңғы он екі айда банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегінің болуы туралы ақпарат бар қарыз алушының орташа айлық кірісін есептеуді жүзеге асырады.

Банктер Нормативтердің 92-тармағының екінші бөлігінің 1), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген қарыз алушының кірістері негізінде жиырма бір жасқа толмаған қарыз алушының орташа айлық кірісін есептеуді жүзеге асырады

98. Қарыз алушының борыш жүктемесі коэффициентінің ең жоғары деңгейі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9125 болып тіркелген "Қаржы ұйымдарының банк операцияларының жекелеген түрлерін және басқа да операцияларды жүргізуіне шектеулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 292 қаулысымен (бұдан әрі – № 292 қаулы) белгіленеді.

Ойын бизнесіне белсенді тартылған адамның белгілері бар қарыз алушы, немесе соңғы 12 (он екі) айда банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешекке жол берген қарыз алушы үшін борыш жүктемесі коэффициентінің деңгейі № 292 қаулымен белгіленген қарыз алушының борыш жүктемесі коэффициентінің ең жоғары деңгейі мөлшерінің жартысын құрайды.

99. Банк қарыз алушыға ашылған кредит желісі шеңберінде қарызды (қарыздың бір бөлігін) қоспағанда, қарыз алушыға қарыз беру, қарыз алушыға кредит желісін ашу (кредиттік лимит белгілеу), жасалған банктік қарыз шарты (шарттары) шеңберінде қосымша қарыз беру, қарызды өтеу кестесіне сәйкес осы қарыз бойынша мерзімді төлемдер мөлшерінің ұлғаюына әкеліп соғатын қарыз алушының ашық кредиттік желісінің және (немесе) қарызының талаптарын өзгерту туралы оң шешімдерді, егер:

осы Нормативтердің 92-тармағында көрсетілген бір немесе бірнеше өлшемшарттардың негізінде айқындалатын кіріс мөлшері Бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшерінен және отбасының кәметке толмаған әрбір мүшесіне ең төмен күнкөріс деңгейінің жарты сомасынан кем болса,

қарыз алушының борыш жүктемесі коэффициентінің мәні Нормативтердің 98-тармағында белгіленген мәннен асып кеткен жағдайда,

қарыз алушыда банктік қарыздар бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам және (немесе) микроқаржы ұйымдары және кредиттік серіктестіктер берген микрокредиттер бойынша 1 (бір) күннен астам мерзімі өткен берешегі болған,

қарыз алушыда соңғы 36 (отыз алты) айда банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша толық кешірілген берешегі болған,

кепілсіз тұтынушылық қарыз бойынша мерзім 5 (бес) жылдан асатын,

қарыз алушының бір немесе бірнеше банктік қарыздары немесе микрокредиттері бойынша соңғы 12 (он екі) ай ішінде қарыз алушының өз міндеттемелерін тиісінше орындауына ықпал етпеген қайта құрылымдау жүргізілген жағдайда, қабылдамайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің бесінші абзацының мақсаттары үшін 2025 жылғы 1 шілдеден бастап банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша толық кешірілген берешек ескеріледі, оны банк қарыз алушының кредиттік бюродан алынған кредиттік есебі негізінде айқындайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің жетінші абзацының мақсаттары үшін 2025 жылғы 1 шілдеден бастап жүргізілген қарыз алушының банктік қарыздың немесе

микрокредиттің міндеттемелерін тиісінше орындауына ықпал етпеген қайта құрылымдау ескеріледі. Қарыз алушының міндеттемелерін тиісінше орындауына ықпал етпеген қайта құрылымдау өлшемшарттары деп бұрын жасалған бір немесе бірнеше банктік қарыз немесе микрокредит шарттарының мынадай бір немесе бірнеше талаптарға сәйкестігі түсініледі:

1) банктік қарыз немесе микрокредит шарты бойынша негізгі борыш және сыйақы бойынша берешек сомасы қайта құрылымдау сәтінен бастап қатарынан 6 (алты) ай ішінде 5 (бес) және одан артық пайызға төмендеген жоқ;

2) банктік қарыз немесе микрокредит бойынша мерзімі өткен берешегі бар және соңғы 12 (он екі) айда 2 (екі) және одан көп қайта құрылымдау жүргізілді;

3) қайта құрылымдалған банктік қарыз немесе микрокредит бойынша сыйақының негізгі борышқа қатынасы 20 (жиырма) пайыздан асады;

4) негізгі борыш және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті өтейтін жаңа банктік қарыз немесе микрокредит беру арқылы банктік қарыз немесе микрокредит бойынша мерзімі өткен берешекті ішкі немесе сыртқы қайта қаржыландыру жүргізілді.";

5-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 03.04.2026 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) қайта құрылымдалған банктік қарыз бойынша сыйақының негізгі борышқа қатынасы 20 (жиырма) пайыздан асады;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Агенттігінің Төрағасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2025 жылғы 22 тамыздағы
№ 41 Қаулыға қосымша
Банктің пруденциялық
нормативтерінің және сақталуы
міндетті өзге де нормалары мен
лимиттерінің нормативтік
мәндері мен оларды есептеу
әдістемелеріне, капиталының
мөлшеріне 5-қосымша

Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесі

№	Баптар атауы	Тәуекел дәрежесі пайызбен
I топ		
1.	Қолма-қол теңге	0
2.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің қолма-қол шетел валютасы	0
3.	Тазартылған бағалы металдар	0
4.	Қазақстан Республикасының Үкіметіне берілген қарыздар	0
5.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	0
6.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берілген қарыздар	0
	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА"-тен	

7.	төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	0
8.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	0
9.	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына берілген қарыздар	0
10.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қойылатын өзге де талаптар	0
11.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	0
12.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар, Еуразиялық Даму банкіндегі салымдар	0
13.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің дебиторлық берешегі	0
14.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша дебиторлық берешегі	0
15.	Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан	0

	Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	
16.	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0
17.	"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары шығарған бағалы қағаздар, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған бағалы қағаздар	0
18.	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (жүз) пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлға шығарған бағалы қағаздар	0
19.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	0
20.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	0
21.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктерге ашық корреспонденттік	0

	шоттар бойынша қойылатын талаптар	
22.	Тәуекелдің I тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы	0
II топ		
23.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің қолма-қол шетел валютасы	20
24.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	20
25.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	20
26.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	20
27.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына берілген қарыздар	20
28.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар	20
	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен	

29.	емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға берілген қарыздар	20
30.	Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	20
31.	Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	20
32.	Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "АА-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар	20
33.	Тәуекелдің I тобына жатқызылған дебиторлық берешекті қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының дебиторлық берешегі	20
34.	Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "АА-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі	20
35.	Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	20
	Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-	

36.	ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	20
37.	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар	20
38.	Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	20
39.	Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар	20
40.	Банк баланста ұстап тұратын және Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "ААА"-дан "АА"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің ұлттық шкала бойынша "kzAAA"-дан "kzAA"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкала бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары	20
41.	Тәуекелдің II тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы	20
III топ		
42.	Тазартылмаған бағалы металдар	50

43.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	50
44.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	50
45.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	50
46.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейін төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар	50
47.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға берілген қарыздар	50
48.	Мынадай талапқа сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 77, 79 және 80 - жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда): берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы қоса алғанда кепіл құнының 50 (елу) пайызынан аспайды	35
	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық	

49.	қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (жүз) пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлғаның сатып алу үшін белгіленген талаптарға сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары, сондай-ақ олар бойынша сыйақылар	35
50.	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (жүз) пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлғаға қайта берілген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талаптар	35
51.	Мынадай талаптарға сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 77, 79 және 80 -жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда): берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы кепіл құнын қоса алғанда 51 (елу бір) пайыздан 85 (сексен бес) пайызға дейінгі шекте болады	50
52.	Басқа да ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 77, 79 және 80-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда)	100
53.	Олар бойынша қарыздардың өтелмеген бөлігінен халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес провизиялардың (резервтердің) кемінде 35 (отыз бес) пайызы қалыптастырылған Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (токсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 76, 77, 78, 79 және 80 -жолдарында көрсетілген, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген кепілсіз	100

	тұтынушылық қарыздарды қоспағанда)	
54.	Олар бойынша қарыздардың өтелмеген бөлігінен халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес провизиялардың (резервтердің) 35 (отыз бес) пайыздан астамы және кемінде 50 (елу) пайызы қалыптастырылған Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 76, 77, 78, 79 және 80-жолдарында көрсетілген, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген кепілсіз тұтынушылық қарыздарды қоспағанда)	75
55.	Олар бойынша қарыздардың өтелмеген бөлігінен халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес провизиялардың (резервтердің) 50 (елу) пайыздан астамы қалыптастырылған Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 76, 77, 78, 79 және 80-жолдарында көрсетілген, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген кепілсіз тұтынушылық қарыздарды қоспағанда)	50
56.	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілерге берілген, мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін қарыздар: 1) қарыз сомасы 500 (бес жүз) миллион теңгеден немесе меншікті капиталдың 0,2 (нөл	2024 жылғы 1 маусымнан 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін – 50

	бүтін оннан екі) пайызынан аспайды; 2) қарыз валютасы – теңге	2026 жылғы 1 қаңтардан бастап— 75
57.	Синдикатталған қаржыландыру шеңберінде заңды тұлғаларға теңгемен берілген қарыздар	2024 жылғы 1 маусымнан 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қоса алғанда – 50
58.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	50
59.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	50
60.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар	50
61.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі	50
62.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	50
63.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар	50

	халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	
64.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	50
65.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар	50
66.	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілер шығарған, "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының ресми тізімінің "Негізгі" немесе "Баламалы" алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген, "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының және (немесе) "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының кепілдігі бар, сомасы осы бағалы қағаздардың номиналды құнының кемінде 50 (елу) пайызын жабатын және мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін бағалы қағаздар: 1) эмитенттің бір бағалы қағаздар шығарылымына салынған инвестициялар меншікті капиталдың 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайызынан аспайды; 2) бағалы қағаздар шығарылымының валютасы – теңге.	50
	Банк баланста ұстап қалатын және Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған	

67.	ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің ұлттық шкала бойынша "kzA+"-тен "kzA-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкала бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары	50
68.	Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB-"-тен "BB-"-ке дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент банктеріне немесе Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-ке дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банкіне ашылған корреспонденттік шоттар бойынша қойылатын талаптар	50
69.	"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамына және "KASE" клирингтік орталығы" акционерлік қоғамына қойылатын талаптар	50
70.	Тәуекелдің III тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы (осы кестенің 49 және 50-жолдарында көрсетілген активтер бойынша есептелген сыйақыны қоспағанда)	50
IV топ		
71.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	100
	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі	

72.	немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	100
73.	Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына және тиісті рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	100
74.	Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар	100
75.	Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарына, тиісті рейтингтік бағасы жоқ резидент ұйымдарға және Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент-ұйымдарға берілген қарыздар	100
	Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарына, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарына және Standard & Poog's (Стандард энд Пурс)	

76.	<p>агенттігінің "BBB+"-тен "BB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар және тиісті валюталық түсімі жоқ және (немесе) валюталық тәуекелдері қарыз алушы тарапынан тиісті хеджирлеу құралдарымен өтелмеген Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарына 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген және шетел валютасында 1 (бір) жылдан астам мерзімге берілген қарыздар</p>	200
77.	<p>Тәуекелдің III тобына жатқызылғандарды қоспағанда, жеке тұлғаларға 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген қарыздар, оның ішінде тұтынушылық банктік қарыздар</p>	100
78.	<p>Тәуекелдің III тобына жатқызылғандарды қоспағанда және тиісті валюталық түсімі жоқ және (немесе) валюталық тәуекелдері қарыз алушы тарапынан тиісті хеджирлеу құралдарымен өтелмеген жеке тұлғаларға 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген және шетел валютасында 1 (бір) жылдан астам мерзімге берілген қарыздар, оның ішінде тұтынушылық банктік қарыздар</p>	200
